



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

арқылы қол жеткіземіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Роллан Бейсенбаев “Book of Words” АБАИ- Алматы; RS; Халықаралық Абай клубы, 2016 1-7
2. Абайдың шығармалары. Жазушы 2005 № 2-8
3. <http://abai.kz/>

ӘОЖ81’255.2

### ОСКАР УАЙЛЬДТЫҢ ШЫҒАРМАСЫ «ДОРИАН ГРЕЙДІҢ ПОРТРЕТІ» ШЫҒАРМАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ТАНЫМНЫҢ БЕРІЛУІ

Азаматова Акерке

[akerke-azamatova@mail.ru](mailto:akerke-azamatova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Ә.Мұратова

Зерттеу жұмысы Оскар Уайльдтың шығармасы «Дориан Грейдің портреті» шығармасында ұлттық танымның берілу жолдарына арналған. Тілдің байлығын танытатын фразеологизмдердің, көркемдік пен бейнелілікке қызмет ететін эпитет, теңеулердің ағылшын тіліндегі нұсқасына қаншалықты сәйкес келетіндігі, тілдік бейненің толыққанды жеткізілу мәселесіне назар аудартады. Тілдік көркемдегіш құралдардың аударма тіліндегі атқаратын қызметін және тіл байлығын өз дәрежесінде таныта алғандығын сипаттайды.

Қазіргі таңда өркениетті елдердің барлығы дерлік аударма ісімен шұғылдануда белсенділік танытып отыр. Аударманың рухани-мәдени жетістіктерінің әрқашан қоғамда өз ықпалы болған. Әдебиет қазыналарының қазақ тілінде насихатталуының мәдени-танымдық, көркем-эстетикалық, қоғамдық-әлеуметтік рөлі мен қызметінің ілгері дамуы маңызды іс.

XIX ғасырдағы ағылшынның көрнекті жазушысы, декаданс бағытының жарқын өкілі Оскар Уайльд шығармаларының өзіндік эстетизмімен ерекшеленеді. Жазушының эстетикалық және этикалық көзқарастары қайыршылық пен сұлулық культінің араласуынан тұрады. Қаламгер шығармашылығында осы қарама-қайшылықты пікірлерін көрсеткісі келеді. [1] «Дориан Грейдің портреті» романы өз дәуірінде оқырман тарапынан сынға ұшырап, адамгершілікке жат қылықтарды дәріптейді деп баға берілген шығарма. Роман жазушының өмірлік философиясының мәні, шығармаларына арқау болған тақырып «Өнер мен сұлулық» аясында жазылған. Қаламгердің эстетикалық бояуының қанықтығы, бейнелілігінің жоғарылығы аударма тілінде тілдік мәдениетті, ұлттық ерекшелікті ескеру қиындық туғызады.

ӘОЖ 81’255.2

*Фразеологизмдердің аударылуы*

Фразеологияны зерттеушілердің пікірінше, идиомдардың басқа фразеологиялық бірліктерден айырмашылығы – олардың бір тілдегі бояуы келесі тілге жетпейтіндігі немесе дәлме-дәл аударылмайтындығы. [2]

Бір тілдегі идиомалық тіркесті аударма тіліне бар бояуын сақтай отырып жеткізуге келмейді. Аудармада идиома мағынасын аударма тілінің фразеологизмдерімен немесе сөздік құрамынан түпнұсқаға барынша балама бола алатын бірліктерінен таңдап алуға тура келеді. [2]

1) Only England could have produced him, and he always said that the country was *going to the dogs*. [4]

Тек Англияны ғана мойындайтын, соның өзінде де одан бір ши тауып, елдің *құрдымға*

*кетін* бара жатқанын айтып қайғыру мен болатын. [1]

2) Her grandfather hated Kelso, thought him *a mean dog*[4]

Атасы Келсоны *жұмыртқадан жүн қырыққан ашкөз* деп жек көретін. [1]

Идиомның берілуі қазақ тілінің табиғатына сәйкес келіп, түпнұсқаның көркемдігін сақтаған. Идиомның фразеологиялық тіркестермен аударылуы тілге тән образдық ерекшелік пен ұлттық бояуды сақтап жеткізуге көмектеседі.

Түпнұсқа тіліндегі жалпылама ұғымдарды қазақ тіліне кең мағыналы фразеологиялық тіркестермен *нақтылау* (конкретизация) арқылы, түпнұсқа мазмұны толық сақталып, мағынаның эмоционалды – экспрессивтік әсері күшейтілген. Фразеологиялық тіркестердің ұтымды пайдаланылуы көркем аударманың да төл әдебиет сияқты тұшымды оқылуына мүмкіндік беріп отыр.

Қазақ тіліндегі «тарихи тұлға», «мінез-құлық» мағыналық топтарына жататын фразеологиялық тіркестер аудармада ұлттық дүниетанымды көрсетеді.

1) But who was considered *generous* by Society as he fed the people who amused him. [4]

Оны сыртынан өзімшіл дейтін, өйткені ол әсте адамдарға аса пайдалы ештеңе жасай қоймайтын, ал елдің көзінше *Атымтай жомарт* бола қалушы еді. [1]

ӘОЖ 81'255.2

2) I hope the girl is good, Harry. I don't want to see Dorian tied to some *vile creature*, who might degrade his nature and ruin his intellect. [4]

Егер Дориан *сырты бүтін, іші түтін* біреумен мәңгілікке өмірін байласа, бұл оның іштей саналы түрде төмендеуге өзін байлап бергенімен бірдей ғой. [1]

Аудармада «өлім» ұғымының мағынасын ашуда «ит өлім» тіркесі екі жерде қолданылған. Бірінші жағдайда қазақ тіліндегі «ит өлім» тіркесі түпнұсқадағы «pre-figure death» тіркесінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде берілген. Екінші жағдайда тура аударылып, күллі бояуымен айқын көрсетеді. «Pre-figure death» тіркесінің аудармасының қазақ тіліндегі коннотативтік семантикасы анағұрлым әсерлі.

1) The dreadful death of the unlucky beater, shot in the thicket like a wild animal, had seemed to him to *pre-figure death* for himself also. [4]

Анау бір көктен түскендей топ ете қалған даңғазашының өлімі, мұның да *итөліммен* өлетініне берілген хабар сынды боп көрінді оған. [1]

2) Don't forget that you will have only one child now to look after, and believe me that if this man wrongs my sister, I will find out who he is, track him down, and kill him *like a dog*. [4]

Тек есіңнен шығарма, енді сен тек Сибиланы ғана қарауға міндеттісің. Маған сенсең болады, егер анау адам Сибиланы ренжітсе, кім болса да тауып, *итөліммен* өлтіремін. [1]

Аудармада *тілдің көркемдеуіш құралының бір түрі-теңеудің берілуі*

Тенеулерді дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан логика-лингвистикалық категориялардың санатына жатқызсақ, екі туыс емес тілдер арасында олардың мағынасын ашуда түрлі аудармалық трансформациялар қолданылған.

Түпнұсқа тіліндегі құрылымда белгілі бір сөздің не элементтің айтылмауы көрінбей тұруы мүмкін. Ал аударуда сол элементті көрсетуге тура келеді, міне осыған байланысты *қосу тәсілі* қолданылады. [2]

Мысалы:

1) The dim roar of London was like the bourdon note of a distant organ. [4]

ӘОЖ 81'255.2

Лондонның құмыққан шуылы мұнда алыста ойнап тұрған органның даусындай *талықсып* жетеді. [1]

2) «She makes them as responsive as a violin. [4]

Ол бұларды скрипкадан да сезімтал жандарын *нәзік гүлге айналдырады.*» [1]

Түпнұсқадағы сөздерді, сөйлемше не сөз таптарын өзге тілдік единицалармен *ауыстыру тәсілі* арқылы аудару [2]:

«Talking to him was like playing upon an *exquisite* violin. [4]

Онымен әңгімелесу – скрипкада *шебер ойнаумен* бірдей.» [1]

Түпнұсқадағы «мінсіз скрипкада ойнау» тіркесі аударма тіліне «скрипкада шебер ойнау» болып аударылып отыр. Қазақ тілі табиғатына қиюластырылып, коммуникативтік мүддені ескере отырып аударылған. Түпнұсқа әңгіменің «жағымдылығы» жайлы болып отырғандықтан анықтауышты пысықтауышпен ауыстыру ұтымды қолданылған.

Аудару үстінде түпнұсқадағы басы артық сөздер, алып тастаса мағыналық өзгеріске ұшыратпайтын болса, сөздердің *түсірілуі* мүмкін [2]:

«Then it became louder, and sounded like a flute or a *distant hautbois*. [4]

Әр айтқан сайын қатайып, сазсырнайдай ойнайды. [1]

Аудармада «a distant hautbois» тіркесі түсіріліп отыр.

*Эпитеттің аудармада берілуі*

She had all the delicate grace of that Tanagra figurine that you have in your studio [4]

Оның сүйрік дене бітімі сіздің студияңызда тұрған танагр мүсінінен айнымайды, Бэзил. [1]

Көркем аудармадағы сөз таңдауға қатысты жаңсақтықтар баламалылық тұрғысынан бағаланады. Негізінен, қазақ тілінде «сүйріктей» теңеуі саусаққа қатысты нәзіктікті білдіру үшін қолданылады. «Delicate» эпитетін аударуда таңдап алынған балама прагматикалық қызметті ескеру қазақ тілді оқырманның таным-қабылдауына сай келмейді; болмашы қателік шығарманың эстетикалық функциясына нұқсан келтіреді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дориан Грейдің портреті. Роман. / Оскар Уайльд Астана: Аударма, 2011. - 344 бет
2. Жақыпов Ж. Аударматануды аңдату. — Оқулық. — Алматы ; «InnoPRESS» 2004. — 192 бет.
3. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. - Алматы, 1999. - 161 б
4. [www.planetpdf.com](http://www.planetpdf.com)
5. [www.adebiportal.kz](http://www.adebiportal.kz)
6. Алдашева. А. Аударматану. Алматы, «Арда», 2006, -248 б.

ӘОЖ 8;81-26:347.78.034

#### САЯСИ МЕТАФОРЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әкімова Жақсыгүл

[Jaksygul.95@mail.ru](mailto:Jaksygul.95@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор С.К.Сәтенова

Адекватты аударма деп түпнұсқаның тек қана мәні мен мазмұнын бермейтін аударма, сонымен қатар түпнұсқадағы стилистикалық бояуы бар экспрессивті – эмоционалдық қасиетін беретін аударманы айтады. Бірақ аудармашы жұмысында стилистикалық мәселелерді туғыздыратын кездер да болады. Стилистикалық мәселелер мынадай түрлерін жатқыздыруға болады: а) лексико – стилистикалық; ә) грамматико – стилистикалық; б) және тілдің жеке жанрларын беруде туындайтын аударма сұрақтары. Бірақ стилистикалық құралдарды беруде аудармашы жалпы принциптерімен шектелмей көп таралған, қолданысқа жиі түсетін стилистикалық әдіс – тәсілдерді аудару жолдары, мен ерекшеліктерін білуі керек. Көп жағдайларда бейнелілік пен мәнділік лексикалық бірліктердің стилистикалық тәсіл ретінде қолдану арқылы жүзеге асады [3,286с.].

Сондықтан да, лексико – стилистикалық тәсілдерді беру аудармашыдан шығармашылық ыңғайды, түпнұсқада пайдаланылған стилистикалық құралдың ол үшін